



# ЯСАУИ МҰРАСЫ

Республикалық мәдени-танымдық газеті. 2016 жылғы 14 қазаннан шыға бастады. №8 (10) тамыз 2017 жыл

**РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ**

## ҰЛТТЫҚ КОД ТУҒАН ЖЕРДІ ТАНЫП БІЛУДЕН БАСТАЛАДЫ

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек»-дейді.

**М.ТҰЯҚБАЕВ, «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайы**

Жер бетіндегі барлық адамның ізгі қасиеттерінің бірі-туған жерге деген сүйіспеншілік екені бәрімізге аян, мейлі ол Сахара шөлі болсын, Сібірдің не Тундраның мөңгі тоң басқан суық өлкесі болсын бәрібір адамзат өз туған жерін елжірейтін есіне алып, сағына сыр шертеді.

Елбасы мұны патриотизмнің бастауы деп есептеп «Туған жер», «Туған ел» бағдарламасын қолға алуды ұсынады.

Туған жерді зерттеу, танып білу тақырыбын «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайы 2000 жылдары-ақ қолға алып, Түркістан ауданындағы 64 мектепті түгел аралап, сол мектептер орналасқан елді мекендердің тарихы жайлы танымдық лекциялар оқуды ұйымдастырған болатын. Сонымен бірге көптеген ауыл мектептерінде жергілікті тұрғындардан жиналған археологиялық, этнографиялық жәдігерлер негізінде құрылған кішігірім музейлердің (15-тен аса) экспонаттарымен танысып олардың мерзімделуін түзетіп, экспозициясын құруға, жәдігерлерді құжаттауға жәрдем берілді.

Біздің бастамамызды жан-тәнімен қолдаған №15 мектептің тарих пәнінің мұғалімі Балқұл Құлманова көп ізденіп «Түркістан ауданы елді мекендері» деген тақырыпта өлкетануға арналған оқу-әдістемелік бағдарламалар, оқулықтар жазуды бастады. Қалалық халыққа білім беру бөлімі де ол кісінің бастамасын қолдап аудан мектептеріне өлкетану сабақтарын жылдық оқу жоспарына енгізуді ұсынды. Балқұл апай зейнеткерлікке шыққанға дейін бізбен тығыз байланыс жасап бұл ісін жалғастырды. «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайы 1996-2012 жж. аралығында ұйымдастырған «Түркістан археологиялық экспедициясы» материалдарын кенінен пайдалана отырып Б.Құлманова 3-4 сыныптарға арналған «Өлкетану», 5 сыныпқа «Ежелгі Түркістан», 6-7 сыныптарға «Ортағасырлардағы Түркістан», 8-сыныпқа «Түркістан тарихы», 9-10 сыныптарға «Кенес дәуіріндегі Түркістан», 11 сыныпқа «Тәуелсіздік тұсындағы Түркістан» тарихымен таныстыратын оқу-әдістемелік авторлық бағдарламаларын, тақырыптық және күнтізбелік жоспарларын, оқулықтарын дайындап шықты және аудан мектептеріне таратты. Бұл елбасының сөзімен айтсақ: «Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен аталысуы шыншай патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі»,-деді.

Бағдарламада оның мәні жайлы елбасы «Біріншіден бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға аса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздейді»,-деп қорыта келе, «Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі»,-деп тапсырма берді.

Жоғарыдағы мысалдан қарапайым мектеп мұғалімі Б.Құлманованың бұл тапсырманың болатынын алдын ала білгендей, бұдан 10-15жыл бұрын- ақ ауқымды жұмыс атқарғанын көріп отырмыз.

Экологияны жақсарту мен елді мекендерді абаттандыру бағдарламасына да өз үлесімізді қосып келеміз. 2000ж. Түркістан қаласының мерейтойы алдында үлкен ауқымды жұмыстар жүргізіліп, қала танымастай өзгерістерге ұшырап, абаттандырылғаны белгілі. Осы үрдіс аудандағы елді мекендерге де жақсы үлгі болып олардағы әкімшіліктер, ақсақалдар, кәсіпкерлер, қарапайым тұрғындар өз ауылдарының тарихына, көрінісіне, экологиясына қатты көңіл бөле бастады. Алғашқылардың бірі болып 2010 ж. Оранғай елді мекені әкімшілігі мен ақсақалдар алқасы «Әзірет Сұлтан» қорық - мұражайына өз ауылдарының тарихын зерттеп, жасын анықтап, ғылыми тұжырымдамалармен негізделген, археологиялық, тарихи, жазба деректеріне сүйенген, заттай (жәдігерлермен) дәйектелген баяндама дайындауымызды өтінді.

«Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайының Археология және ескерткіштерді қорғау бөлімі мен Қор бөлімі қызметкерлерінен құрылған топ бұл тақырып бойынша жарты жыл жұмыс істеп «Оранғай елді мекенінің жасын анықтау және «Уранкай» топонимінің шығу тегі» деген тақырыпта ғылыми баяндама дайындап шықты. Нәтижесінде Оранғай елді мекені маңындағы Қазтөбе, Мейрамтөбе қалалары, Оранғай қонысы, Оранғай, Құлтөбе-Оранғай, Төрткүл-Құшата қалалары жайлы тарихи, археологиялық топонимикалық жазба деректер толық зерттеліп елді мекеннің жасы 1300 жылдан асатындығы дәлелденді. Елді мекен тұрғындары мен әкімшілік бұл мерейтойға атап өту мақсатында ауылды абаттандыру, көркейту, экологиясын жақсарту үшін өте көп жұмыстар атқарды, оған оқушылардан бастап кәсіпкерлерге дейін қолғабыс жасады, ақыры ауыл тұрғындары өз елді мекендерінің мерейтойын бүкіл аудан, облыс, республикадан қонақтар шақырып атап өтті.

Келесі кезекте Түркістан жазирасының ең ежелгі елді мекендерінің бірі, кесенеге арнап тайқазан, шырағандар т.б. күйілген жер – Қарнак тұрғындары өз ауылы тарихын зерттеуге тапсырыс берді. Жоғарыдағы топ үш ай ішінде Қарнак пен оның маңындағы Шаштөбе, Ғар төбе, Ішкент-Қарнак, Қарнак қалалары мен Үштөбе I, II, III қоныстарының археологиялық, тарихи-топонимиялық, ирригациялық, шаруашылық – экономикалық, діни – рухани даму кезеңдерін толық зерттеп, елді мекен тарихы 2000 жылдан асатындығын дәлелдеген еңбек жазып шықты. Мерекеге Әзбекстаннан да көптеген қонақтар қатысты, кезінде Қарнактан бір академик, 10 ғылым докторы, 40 ғылым кандидаты, 3 жазушы т.б. көптеген өнер қайраткерлері шыққан. Мұндағы Бұхар жырау ұстаздық еткен медреседе Шортанбай, Молда Мұса, Шади Төре, Мәшһүр Жүсіп сынды қазақтың біртуарлары білім алған. Тойға дайындық барысында ауылдағы барлық рухани, тарихи, сәулет ескерткіштері, көшелер, қоғамдық орындар тазаланып, жөнделіп, абаттандырылды. Мерейтой құрметіне «Қарнак елді мекенінің тарихы мен топонимикасы» кітапшасы, «Қарнак топонимі мен оның этимологиясы» атты ғылыми мақала жарияланып, мерекелік төсбелгілер күйіліп шығарылды.

Өз елді мекендерінің тарихын, жасын анықтауға Сауран, Шаға, Икан, Қарашық, Шорнак ауыл округтері әкімшіліктері де қызығушылық танытуда.

Елбасымыз өз жолдауында «Туған жердің әрбір сайы мен қырағы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуі тиіс» - дейді.

**ДАРА ТҰЛҒА**

## ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ

Сөйлесе - сөздің шешені, бастаса - қолдың көсемі - Қаз дауысты Қазыбек би Келдібекұлы – қазақ халқының XVII-XVIII ғасырлардағы ұлы үш биінің бірі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері. Орта жүз арғын тайпасының қаракесек руына кіретін Болатқожа атасынан шыққан ол 1667 жылы сулу Сырдың бойында күниеге келген. Арғы аталарын тарата айтсақ Шаншар абыз, Бұлбұл, өз әкесі Келдібек – есімдері елге белгілі әділ билер болған.

Ұлы бидің жастық шағы мен бүкіл саналы ғұмыры қазақ елінің өз ішіндегі рулық-тайпалық алауыздықтар мен хандық билікке таластың неғұрлым өршіген, көрші мемлекеттердің көз тігуі жиілеп, Жоңғар шапқыншылығы үдей түскен кезеңге тап келді. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге қарағанда, ол Тәуке ханның белгілі би-батырлары бастаған елшілігіне ілесіп алғаш рет қалмақ қонтайшысы Цэван Рабданға барғанында 14 жаста екен. Қылышынан қан тамған қаһарлы қалмақ ханның алдында адамы айдалып, мал-мүлкі тоналған қазақ билері жасқаншақтық танытып, күмілжініп:

– Өлеңді өзгере бердік, Өрлікті төменге бердік. Алдияр тақсыр, алдына келдік. Берсең алдық, Бермесен қалдық, Сөзді өзіңе салдық! – айнала бір қарап, ешкім ештеңе демеген соң, орнынан атып тұрып:

– Ерден ердің несі артық, Елестірген сөзі артық. Малдан малдың несі артық, Бір-ақ асым еті артық. Жерден жердің несі артық.

Бірақ уыс шөбі артық. Міндетіне алған сөзден, Шегінген жігіттен, Өлген аюдың өті артық, – дейді. Содан кейін Қонтайшының тұсына жетіп келіп,

– Ел ебелек емес, ер кебенек емес, дат! – дейді. Хан:

– Ой, өзің жөніңді айтшы, атын кім? - депті. – Атым Қазыбек, әкем Келдібек, халқым қазақ, руым Қаракесек, – депті.

– Дауысын қаз дауысындай қаңқылдап тұр екен, ал датыңды айтшы! – депті хан. Сонда Қазыбек:

– Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден күт-береке қашпайсың деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз, ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз. Досымызды сактай білген елміз, дәмі, тұзын ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай

білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, құл боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз.

Сен қалмақ та, біз қазақ, Қарпысқалы келгенбіз, Сен темір де біз көмір, Ерлікелі келгенбіз, Екі еліктің лағын Теліткелі келгенбіз. Танымайтын жат елге Танысқалы келгенбіз, Танысуға келмесен, Шабысқалы келгенбіз, Сен қабылан да, біз арыстан, Алысқалы келгенбіз, Жана үйреткен жас тұлпар, Жарысқалы келгенбіз, Тұтқыр сары келгенбіз, Жабысқалы келгенбіз, Берсең жөндеп бітімді айт, Бермесен дірілдемей жөніңді айт, Не тұрысатын жеріңді айт! – депті. Сонда Қолғағы не дерін білмей сасып қалыпты.

– Сөзің мынандай отырған орның қандай төмен еді, былай жоғары шықшы, жоғары! – деп қолтығын аша беріпті. Сонда Қазыбек:

– Біздің қазақта жасына қарай отырып, жағына қарай сөз сөйлей береді, өзімінен үлкен ағаларым төрде отырса, маған төбеде отырғанмен бірдей, – деп жапты бұрылып, орнына қайта барып отырады. Қазыбектің сөзі ханның басынан асып, хан не дерін білмей қалады.

– Осылардың өздері келгелі әр үйде қонақтап жүр, алыстан келген елші ғой, ашулары бойында тұр екен, қонақ үйге алып барып, бір жерден күтімге алыңдар, – депті. Хан нөкерлері:

– Ал, қазақтар, қонақ үйіне жүріңдер, бір жерден күтім көріңдер, – деп алып шығып кетіпті.

Қазақтар шығып кетеді, қалмақ бірыңғай қалып қояды. Барлық қалмақ жылып, ханның қасына келіп:

– Бір жұдырықтай баладан қарасуға түсіп, осынша дірілдеп кеткеніңіз не? – деседі. Сонда Қонтайшы тұрып:

– Сендер білген жоқсыңдар. Сөзді өңменімен сұғып айтқан кезде, екі иығынан екі аю аузынан от шашып «тыпыр» етші, «көрейін» деп тұрды. Мінеки, мен содан қатты



сескендім. Сендерге көрінбегенмен маған көрінді. Менің енді бұған қайтарып айтар сөзім жоқ, мал мен жанын есептеп алдына салып беріңдер, – деді. Мал, жанды есептеп, адамдарын қайтарған хан:

– Мен хан болғалы, басыма бақыт қонағалы ешбір адамға тізе бүгіп көрген жоқ едім, жығылғанымды білдіріп, сіздерге бірзас сый қылайын, – деп бұлардың басын адамның қорғасына бір тоғыздан сый беріпті. Қазыбекке қарап:

– Жаным, Қазыбек, сен жана үйреткен жас тұлпар екенсің, сенің айтқан сөзіңнен менің буыным шыдамай, сіресіп тұра алмадым. Сондықтан саған екі түрлі белгі беремін.

Біреуі – сенің даусың қаздың даусындай қаңқылдап шығады екен, сондықтан сенің атың бұдан былай «Қаз дауысты Қазыбек» болсын: Екінші – Токсан жеті жүлдені саған арнап байладың, бұдан былай сен екі сыбағалы бол! – депті.

Сүйтіп есеп-қисап бітіп, қазақтар орталығының директоры Г.Дүйсенбаева өз сөзінде шығармашылық табыстар тілеп, екі музей арасындағы байланыстың жандандығын тілге тиек етті. Сөз алған Жандос Мағазбекұлы тарихы терең Түркістан халқының бауырмалдылығын көргендігін, баталы ел ағаларымен танысып, жүрегі кең аға-анайлармен, іні-қарындастармен сыйлас болғандығын, өзін қолдаған ұжымдастырына алғыс сезімін білдірді.

Жыны соңында Жандос Мағазбекұлы қала активімен ұжым мүшелерін ақ дастархан басына шақырып, дуалы ауыз қариялардың ақ батасын алды.



### ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АВТОКЕРУЕН «ӘЗІРЕТ СҰЛТАНДА»

Салқар Сарыарқаның төрінде, Қазыбек би бабамыз жайлаған Қарқаралы-Егіндібұлақ жерінде күні кеше ғана өткен, алты алашқа сауын айтқан үлкен астан бастау алып, Ұлт ұясы Ұлытау аймағын көктей өтіп, Сыр өңіріне ат шалдырған «Қаз дауысты Қазыбек би жолы»: «Бабаларға тағзым!» Халықаралық автокеруені қасиетті Түркістан жері «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейіне келіп жетті.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Жаңғырған қоғамның өзінің тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сактай білу», - деп рухани жаңғырудың маңызына баса назар аударғаны белгілі.

7 автокөлікпен шыққан 28 адамнан тұратын автокеруен мүшелері мен Қарағанды облысының ресми делегациясының шапнада, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері Омарбекова Рымбала, Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің депутаты Серік Сәпиев, ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің жастар саясаты департаментінің директоры Оспанқұлов Ғабилла, Қарағанды облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысы Құттыбай Мирас сынды жүрегі ел деп соғатын, ұлт абыройын асқақтатуға зор үлестерін қосып жүрген азаматтар өз ықылас-тілектерін риясыз көңілмен жеткізді.

Дәулет ҚОЖАМҰРАТОВ

### ТҮРКІСТАНДЫҚТАР АҚЖОЛТАЙ ТІЛЕК ТІЛЕДІ

2017 жылдың 18 тамызында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының мейліс залында қорық-мұражай директоры Әубәкір Жандос Мағазбекұлы жаңа қызметке ауысуына байланысты құрметпен шығарып салу жиыны болып өтті.

Әубәкір Жандос Мағазбекұлы Мәдениет және спорт министрлігінің бұйрығымен «Қазқайтажаңарту» РМҚК мекеме басшысы болып тағайындалды.

Қала активі, қалалық ақсақалдар кеңесінің мүшелері және музей ұжымы қатысқан салтанатты жиынға еңбек ардагері, «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайының зейнеткері С. Қожамұратов Жандос Мағазбекұлына жаңа қызметінде толғай табыстар тілеп, қорық-мұражайдың көркейуіне қосқан орасан зор үлесі үшін риясыз алғысын білдірсе, ұжым мүшелері лебіздерін білдіріп, алдағы қызметіне сәттіліктер тіледі. Сонымен

қатар ОҚО тарихи-мәдени этнографиялық орталығының директоры Г.Дүйсенбаева өз сөзінде шығармашылық табыстар тілеп, екі музей арасындағы байланыстың жандандығын тілге тиек етті. Сөз алған Жандос Мағазбекұлы тарихы терең Түркістан халқының бауырмалдылығын көргендігін, баталы ел ағаларымен танысып, жүрегі кең аға-анайлармен, іні-қарындастармен сыйлас болғандығын, өзін қолдаған ұжымдастырына алғыс сезімін білдірді.

Жыны соңында Жандос Мағазбекұлы қала активімен ұжым мүшелерін ақ дастархан басына шақырып, дуалы ауыз қариялардың ақ батасын алды.



**ХАЛЫҚ АҢЫЗДАРЫ МЕН ТІЛДІК ДЕРЕКТЕРДІ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗ РЕТІНДЕГІ МАҢЫЗЫ**

→ 2

**БАТЫС ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ МҰХАММЕД (С.Ғ.С) ПАЙҒАМБАРҒА ҚАТЫСТЫ КӨЗҚАРАСЫ**

→ 3

**АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМДА ОҚУ МӘДЕНИЕТТІЛІГІН ҚАЙТСЕК АРТТЫРАМЫЗ**

→ 4



# ҚАЗ ДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ

**1**

– Мен басында қазақтың жылқышысы едім. Жылқы бағып жүріп жылқымен қалмақтың қолына түстім. Мұнда келгеннен кейін бір уәзір ұрып, тонымды тарып алды, өз ықтиярыммен бермеп едім, сабап тісімді сындырды. Атымды алып жаяу қалдым, тісім сынып сөзім бұзылды, осыған жылған көпшілік не дейді екен? – депті. Сонда Қоңтажы тұрып:

– Бұл неменес, басында бір бітім болғанын кейін аяғыңда еселеп даулай беру дұрыс бола ма? Тон дегенің бір тоқтыштың терісі шығар, ат дегенің сырты түкті, іші боқты бір тай шығар; ал тіс сынса ауыз ішінде, қол сынса жең ішінде емес пе? – депті. Екі жак таразыға тағы түскендей болып қалады. Ешкім ештеңе дер қоймайды, сонда Қазыбек бала кейінгер тұр екен, атты борбайға тартып жіберіп, Қоңтажы ханның қасына жетіп келіп:

– Тісі сынса – ауыз ішінде, қолы сынса – жең ішінде жүре беру керек деген не сөз! Оның үстіндегі жалғыз тоны жанат емей немене? Аузындағы отыз тіс, болат емей немене? Астындағы жалғыз ат жанат емей немене? Ханның бізбен қарыспай біткендігі рас болатын болса, жанатынан айырмай, болатын майырмай, қанатынан қайырмай алғанын қайыру керек, қазақ қалмақты сатып алған құлы емес. Бұл да біреудің ардақтап асыраған ұлы. Ерікті ұл азат болып қайтуы керек, – депті. Сонда Қоңтажы Қазыбек сөйлесе, арауағы асып кетіп, аузына сөз түспейді екен:

– «Мә, жанатына жанатым», – деп

жанат ішін шешіп береді. «Мә, болатын болатым» деп болат семсерін береді: «Мә, қанатына қанатым» деп астындағы қарақасқа құлпарын түсіп береді. Өзі ашынып тұрған жігіт осы жолы теңдікке қолы тиетініне көзі жеткеннен кейін, жанат ішікті киіп, болат семсерді асынып, қара қасқа құлпарға қарғып мініп алып:

– Ал, менің де дауым бітті, енді қош айтысуларыңа болады, – депті. Мал-жананы туп-түгел қайырып алып, Қазыбек бастаған қазақ елшілері көшкен елдей гүлелі жүріп кеткенде, қасында бір топ кісісі бар Қоңтажы мен-зең болып бір дөңнің үстінде қала беріпті. Асырып айтты дегенмен аңыздың түбінде шындық жатқаны да бекер емес-ау.

Қазақтың ұстыны Өз-Тәуке хан үйіні Төле, алшын Әйтеке, арғын Қазыбек билерге жаңа заң жобасын – «Жеті жарғыны» жасатып, Құлтөбенің басында бүкіл халық алдында қабылдатып. Сөйтіп, ұлы үш бидің кеменгерлік көмегімен ел ішіндегі әдет-ғұрып жоралғылары, жер-су, қоныс иеліктерінің мөлшері, жесір дауы, күн төлеу, кек алу, ұрлық-қарлыққа тыйым салу, ағайын-туыс, ру арасындағы дау-ламайлар, ел бірлігі, мемлекет басқару, Отан қорғау, сыртқы жаулардың шабуылдарына тойтарыс беру, ұрпақ тәрбиесі, т.б. мәселелердің шешуші жүйесі жанаша белгіленіп қазақ қоғамын биікке көтеруде үлкен рөл атқарды.

Қазыбек би 18-ғасырдың 40-жылдарының басында Сыр бойынан Арқаға қоныс аударып, Ұлытау, Қарқаралы Семізбұғы тауының беткейлерін жайлаған. Қазыбектен: Бекболат, Қазыбек,

Базаргелді, Барқы, Сырымбет есімді бес ұл, Манқан (Қамқа) деген бір қыз туған. Қазыбек ұрпақтары ата-баба жолын қуып, сөз ұстаған парасатты әділ қазылар атанған. Баласы Бекболат, одан кейінгі Тіленші, Алшынбайлар да дүйім жұртты аузына қаратқан әділ де тура билер болған. Белгілі әнші-композитор Мәди Бәпиұлы да Қазыбек бидің тікелей ұрпағы.

Есімі ісі қазаққа ұран болған даңғайыр шешен, айыр көмей, қызыл тілдің иесі Қазыбек би Келдібекулы 1764 жылы Семізбұғы тауының етегіндегі Теректі қыстағында 97 жасында дүниеден өткен. Денесін баласы Бекболат Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне екіліп жерлеп, басына айшықтап құлпытас орнатқан.

Қаз дауысты Қазыбек ел аралап жүріп бір үйге түсіпті. Ерінің үйде жоғына қарамастан, әйелі қонақтарды жақсы күтіпті. Сонда Қазыбек «Әйелі мұндай, мұның ері қандай екен?» – деп, отырғанда үйіне ері келеді. Қараса, ері ұя бөріктеу ғана адам екен, Қазыбек әзілдеп, жолдастарына қарап былай депті:

Жарандар, бұл сөзімнің мәнісі бар, Мәңгісідің мәндіменен не ісі бар? Құданың құдіретіне қарап тұрсаң, Жапалақ үйрек алған бір ісі бар. Сонда әйел Қазыбектің сөзіне түсініп қалып:

– Биеске, ол сөзіңнің мәнісі бар, Мәңгісідің мәндіменен не ісі бар? Жапалақ ілген құсын місе тұтпай, Әлі де қонақ қаздан дөмесі бар, – депті.

Сонда Қазыбек әйелге риза болып:

– Балаң жаман болса, Көрігеніңіз мазағы емес пе!

Атын жаман болса, Шыбын жанның азабы емес пе! Қатын жаман болса, Бұл жалғанның тозағы емес пе! Туған балаң жақсы болса, Тән мен жанның шырағы емес пе! Минген атың жақсы болса, Бұл дүниенің шырағы емес пе! Алған жарың жақсы болса, Жиганың мен мейманыңның тұрағы емес пе! – деп батасын беріпті.

Бұқар жыраудың қартайған кезінде көңілін сұрамақ болып Қаз дауысты Қазыбек би келеді.

Төсекте жатқан Бұқар жырау:

– Бірден онға дейін саннын мағынасын маған ешкім айтып бере алмады. Қазыбек, сен айтып берші? – деген. Сонда Қазыбектің берген жауабы:

– Бір дегеніңіз – бірлігі кеткен ел жаман.

Екі дегеніңіз – егесіп өткен ер жаман. Үш дегеніңіз – үш бунақты шідерден шошынар ат жаман.

Төрт дегеніңіз – білікті адамнан белгілі бала тұмаған жаман.

Алты дегеніңіз – аймағын билей алмаған кісі жаман.

Жеті дегеніңіз – жетем деген мақсатына жете алмаған жаман.

Сегіз дегеніңіз – серкесіз бастаған қой жаман.

Тоғыз дегеніңіз – толғанғаныңыз.

Он дегеніңіз – өткеніңіз, о дүниеге жеткеніңіз.

Қазыбек пен Әйтеке екеуі бас қосып ақылдасып бір мәселе болып, бір орынды уағда кып, ел атасы деп, Төле бидің алдына бармаққа сөз байлапты. Аталған күнде Төле бидің аулына кеп түсіпті. Сәлемдесіп, амандасып дал ада отырғанда Төле сөз бастайды.

– Уа, өлеумет, құс ұшса қанаты талаң, жүрсе тұяғы күйтегің ит арқасы княн

қашық жерден келіп отырсыңдар, осы атын күші қай жерінде? – дейді. Сонда біреу «аттың күші алдында» дейді, біреу «аттың күші артында», енді біреу «аттың күші ортасында» дейді. Төле ортасында дегенге қалада бір қарады да: - Аттың күші алдында да болмай, артында да болмай, ортасында болатын себебі қалай? - дейді.

– Бас – басты, арт қосшы, астында төрт тіреуі бар – ортасы арқалық емес пе? Қуш ортасында болатын себебі сол, – дейді соңғы айтушы. Тағы да Төле:

– Бұрынғылар айтқан екен, «би екеу болса, да у төртеу болады» деп, үш ел өз жакқа тартып, дау бітімі бытырамаққа төбе би атап қойса қалай болар еді? – дейді. Оған қауым «дұрыс» дейді. Бірақ, төбе билікке талас туады. Ұлы жүз: «Біз боламыз, өйткені жасымыз үлкен ағамыз». Кіші жүз: «Біз боламыз, өйткені қара шаңырақтағы кенжелік жолымыз бар», – дейді. Сонда манаты атын күші ортасында деген жігіт отырып:

– Аға төреші болмайды – алдында қаймығары жоқ, іні төреші болмайды – артында қайрылары жоқ. Айбар қылар алдында ағасы бар, қаймығары артында інісі бар, екі жағынан да сүйеуі бар, билікті айтатын төбе билік ортаншы ұлға лайық! – дейді. Төле карт сонда жігіттерден жең сұрайды. «Атын күші басында» деген ұлы жүз жігіті, «Атын күші артында» деген Әйтеке, ал «аттың күші ортасында» деген жігіт Қазыбек болып шығады.

«Қой асығы демелдер. Қалың жақса сақа кой. Жасы кіші демелдер.

Ақылға асса аға гой», – деген бұрынғылардың айтуы бар еді, уа, жаным, Қазыбек, төбе билікті саған бердік, Айтқан сөздеріңнің бәрі жоқ болсын, – деп Төле өз жанын отырғызып, батасын береді.

Қаз дауысты Қазыбек, Жәнібек, Әлібек үшеуі ел аралап келе жатқанда жол

бойында бір қария жолығады. Қарияға сәлем беріп, Жәнібек мынадай сауал қояды:

– Уа, ақсақал, ауыл берекесі қайтсе кетеді? Ақсақал сал ойланып, былай дейді:

– Ауыл ақсақалы шала болса, Жігіттері алты ауыз ала болса, Ө десе, мә дейтін. Жасы үлкеніне жасы кішісі сен десе. Сол ауылдың берекесі кетеді.

Қаз дауысты Қазыбек тұрып:

Келіңіз керіске сай болса, Қызың сумақай болса, Сол үйдің берекесі түгел кетеді, – Әйелің жақсы болса, Досың жанына жиналып, Рахаттанар қонағың.

Әйелің жаман болса, Досың сенен безініп, Үйіңнен кетер қонағың, – Уа, қария үй берекесі қайтсе кетеді? – дейді.

– Әйелің қабағын түйіп керілсе, Шай құйып беруге ерінсе, Ұлын ұрысқа сай болса, деген екен қария сапастан. Әлібек мынадай сұрақ қояды:

– Ия, ақсақал, не жақсы? Ақсақал мүдірмей жауап беріпті:

– Атың жақсы болса, Тіршілікте мінген пырағың. Балаң жақсы болса, Жанып тұрған шырағың.

– Ал, не жаман?

– Атың жаман болса, Тіршілікте көрген азабың, Балаң жаман болса, Ғұмырлық көрген азабың, депті.

Ақсақалдың мағыналы жауабына тапқырлығына риза болған билер ауылдарына ертіп барып, қонақ етіп, тон кигізіп, ат мінгізіп жіберіпті.

**Керім ӨБСАДЫҚТЕПІ**

# ҰЛТТЫҚ КОД ТУҒАН ЖЕРДІ ТАНЫП БІЛДЕН БАСТАЛАДЫ

**1**

Осы мақсатта «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайы қызметкерлері жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жоба жарысына қатысқан аудандағы мектеп оқушыларын үнемі қамқорлыққа алып, тарихи деректер, ғылыми әдебиеттер жағынан көмек беріп, ғылыми жұмыстарды жазу методикасын үйретумен, жобаларға сараптама жасаумен де айналысып келеді. Кезінде Сауран ата мектебі, №15 орта мектеп пен №1 А. Байтұрсынұов атындағы мектеп оқушылары белсенділік танытса, соңғы 5 жылда №20 мектеп оқушылары мен олардың жетекшісі Ирода Абакевқа көп жетістіктер жетуде. Бұл танымақсыз, үнемі ізденіс үстінде жүретін мұғалім дайындаған оқушылар «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайы жыл сайын ұйымдастыратын республикалық «Ясауитану» жарысына да, республикалық ғылыми жоба жарысына да, оқушылардың Кіші Ғылым Академиясының облыстық байқауына да қатысып барлығында да жүделді орындар алып жүр. Ал, Ирода Абакеваның өзі де Халықаралық қазақ-түрік университеті мен «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайы ұйымдастырған ғылыми-практикалық конференцияларға өлкетану тақырыбына жазылған баяндамаларымен қатысып келеді, сонымен бірге қорық-мұражайда ұйымдастырылатын дөңгелек үстелдерге де қатысып отырады. 2016 жылы оның жетекшілігімен дайындалған №20 мектептің 8 сынып оқушылары М.Бабажанов пен Ш.Анарбаева ғылыми жоба жарысының қалалық кезеңінде «Шаға елді-мекені тарихы» атты баяндамалары мен бірінші орынға, Ясауи хикметтері мен жіктің айтқанында Насиба Анарбаева үшінші орынға ие болса, Кіші Ғылым Академиясының облыстық байқауына 10 сынып оқушысы Диара Қошанова тарих секциясы бойынша ерекше көзге түскені үшін Мақтау қағазымен марапатталған, ал Ирода Абакеваның өзі «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайы ұйымдастырған «Ұмыт қалған әулиелер» тақырыбындағы дөңгелек үстелге қатысып, өз ой-пікірлерінің жаңалығымен көзге түсіп алғыс хатпен марапатталған. Осының барлығын ол бір оқу жылында (2015-2016жж.) атқарып шыққан.

археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Сонымен бірге, мұражай мамандары археологиялық ғылыми есепке қоса тап сол ескерткіштерді қайта қалпына келтірудің эскиздік жобасын да дайындап берді. Сол эскиздік жоба негізінде «Қазайтажаңғырту» мекемесінің ғылыми зерттеу және жобалау филиалы аталған ескерткіштерді қайта қалпына келтірудің сәулеттік жобасын, сметасын дайындап шықты. Бүгінде олардың толық қайта қалпына келтірілгендері – Мүсалә, Төки, Жеті ата, Дарбаза қақпалары мен Хан мешіті, Икандағы Жүсіп ата мешіт-кесенесі, ал жартылай қалпына келтіріліп тұрған ағайындары – Сауран қақпасы, медресесі, мешіті, ханакасы мен бас көшесі, Сығанақ қақпасы мен Жәудір ана мешіті, Тәуке хан, Әбілмәмбет хандардың қысқы ордалары сияқты ескерткіштер.

Тағы бір елбасы көтеріп отырған бағдарлама - жалпы ұлттық қасиетті орындар ұғымын халық санасына сіңіру.

Елбасы өз мақаласында «Ол үшін «Қазақтың қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақтың»



қиелі жерлерінің географиясы» жобасы керек» - деп тұжырымдайды.

1994 ж. шыққан «Қазақтың тарихи және мәдени ескерткіштерінің Жинағының» бірінші томы Отүстік Қазақстан облысына арналды. Жинақта топтастырылған 705 нысанын 164-і Түркістан ауданында орналасқан, олардың 35-і ғана археологиялық ескерткіштер. «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайы ұйымдастырған «Түркістан археологиялық экспедициясының» «Түркістан жазирасы» отряды 1996-2016 жж. аралығында аудан территориясына орналасқан 90-нан аса қала мен қоныс, 130 кәріз жүйесі мен 50-ден аса обалар мен қорғандар топтары, 54 діни – рухани ескерткіштерді зерттеп шықты, олардың ішіндегі 60 қала мен қоныс, 120 кәріз, обалар мен діни-рухани ескерткіштердің барлығы бұрын ғылымда белгісіз болатын. Бүгінгі Отүстік Қазақстан облысы ескерткіштері жинағының жаңа нұсқасын толықтырып, екі тілде қайта құрастырумен «Қазайтажаңғырту» мекемесінің мамандары 2010 жылдан бері айналысуда. Жаңа жинақта Кеңес дәуірі тарихына қатысты ескерткіштер алынып тасталмақшы, міне сол босаған орындарды толықтыру және жұртшылықтың ең көп баратын зиярат орындарымен халықты таныстыру мақсатында аудандағы 72 әулие орының 35-і жайлы қысқаша деректерлі фотосымен, планымен жаңа жинаққа ұсынылған болатынбыз. «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайы аудандағы ең белгілі қиелі жерлер мен археологиялық ескерткіштердің картасын жасап шықты, ендігі кезекте тек әулие орындар ғана толық түсірілген, оларға баратын жолдар, маңындағы өзен-сулар,

ескертікіштің Түркістаннан қанша қашықта орналасқандығы көрсетілген үлкен «Зиярат картасын» жасау болып отыр.

Сонымен бірге «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайы жылма-жыл аудандағы 13 ауыл әкімшіліктерімен және қаладағы XIX-XXғғ. сәулет-ескертікіштерін пайдаланушы 5 мекемемен қорғау міндеттемесін келісім-шарт арқылы бекітіп отырады. 2017 жылдың ақпан-наурыз айларында жоғарыдағы 13 ауылдық әкімшіліктердегі мектептерде жергілікті мамандармен, тұрғындармен, мектеп оқушыларымен кездесулер ұйымдастырылып, сол ауыл округтары территорияларында орналасқан археологиялық, сәулет құрылысы және діни-рухани ескерткіштерін тарихымен, оларды қорғау, сақтау, пайдалану жайлы Қазақстан Республикасы заңдарының баптарымен таныстыру, түсіндіру бағытында жиылыстар өткізді.

Жылғыларға ауыл ақсақалдары, ауыл әкімшілігі, мектептер ұжымдары, қалалық әкімшілік өкілдері де қатысып өз ойларын, пікірлерін айтып отырды және қорық-мұражай қызметкерлері алып барған көрме жәдігерлерімен танысты. Барлық ауыл әкімшіліктері мен мектеп кітапханаларына «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайы 2016ж. шығарған «Түркістан өңірінің тарихи-мәдени ескерткіштері» жинағы мен 2017ж. басынан бері шығарылып келе жатқан «Ясауи мұрасы» газетінің алғашқы үш нөмірі сыйға тартылды.

Осы жерде біз шығарған «Түркістан өңірінің тарихи-мәдени ескерткіштері» жинағына 134 ескерткіш енгенін, олардың 23-і ортағасырлық сәулет, 61-і археологиялық, 14-і діни-рухани, 36-ы XIX-XXғғ. қалақұрылысы ескерткішіне жататындығын айта кеткеніміз жөн. Тарихи-мәдени ескерткіштер жинағына қиелі жерлер, рухани құндылықтар да енгізілген бұл тұңғыш жинақ болып отыр. «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайы аудандағы діни-рухани ескерткіштерін толық есебін алып, зерттеп қана қоймай олар зияратшыларды, туристерді ұлмай қабылдап, барлық жағдайын жасай алатын қалыпта болуы үшін үлкен қаражат шығарып, айналасын абаттандырумен де айналысуда. 2016-2017 жж. Гауһар ана кесенесі мен Әлқожа ата кесенесі-мешіті, Ұқаша ата мазары мен құлдығы айналасына зияратшылар мен туристер түйнетін, жуынып-шайынатын, ас ішетін құрылыстар, тротуар жолдар, көпірлер, тақаратханалар, бастырмалар салып, бау егіп, жарық жүргізіп, гүлзарлар егуімен де айналысуда. Міне осындай еті істердің бастамашысы болған «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайы елбасының хатында көтерілген бағдарламаларда қозғалған мәселелер бойынша көп жылдардан бері үздіксіз жұмыс жүргізіп біршама табыстарға жеткенін көріп отырмыз. Бұл жұмыстардың мәні, маңызы, қажеттілігіне келсек, хатта айтылғандай – «Қазақтың қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – неше ғасыр өтсе де біздің кез-келген жұтандықтан сақтап, аман алып шығатын символдық қалқанымыз әрі ұлттық мақтаншымыздың қайнар бұлағы...»

Мәдени маңызылығы тұрғысынан біздің Түркістан немесе Алтай - ұлттық немесе құрылықтық қана емес, жаһандық ауқымдағы құндылықтар».

# ХАЛЫҚ АҢЫЗДАРЫ МЕН ТІЛДІК ДЕРЕКТЕРДІң ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗ РЕТІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

**О. ЖЕКСЕНБАЕВ,**  
Тарихи-мәдени-этнографиялық орталық қызметкері



Жалпы отандық және түркітану мәселесінде кенжелеп келе жатқан салата-түрік халықтарының ауыз әдебиеті мен жазба саяхаттарында кездесетін деректерді тарихи дереккөз тұрғысынан зерделеу десек әсте қателесе қоймаспыз. Өйткені, қатаң жазба мағлұматтарды ғана негізгі тарихи дереккөз ретінде қарастыру кешегі Кеңестік дәуір тарих ғылымының алдындағы басты мақсаттардың бірі болды. Алайда, жазу мен сызуы көшпелі өмір салтына орайластырылған және түрлі тарихи жағдайлар тікелей немесе жанама байланысты кенжелген қалған қазақ халқының тарихын тек жазба деректерден ғана іздеуге көп жағдайларда деректер жұтаңдығына соқтыруда. Ерте және ортағасырлық тарихты зерттеуде ғылыми құндылығы жағынан маңызды саналатын жазба деректер тапшылығы осындайда анық сезіледі. Осы тұста ортағасырлық тарихқа қатысты тілдік және жазба деректер мол дегенімізбен сол жазба мұралардың көпшілігін халықтың тарихи санасынан хабар беретін аңыздар мен фольклорлық шығармалармен байланыстыра қарағанда ғана тарихи шындықты таңуға жақын келеріміз ақиқат.

Түркітестес халықтардың басынан бақа ауар жүктелі қасқыр тотем жаудың рухын уәңгілейді. Айталық, тарихшы ғалым М.Әбідрұттың зерттеулерінде осыған мысал болатындай ауыз әдебиетінің материалдары оңтайлы пайдаланғанын зерттеушілер көрсетіп келеді. Сібірдің соңғы ханы Қошым Ермақтың әскери келер алдында түс көреді. Түсінде Ертіс жатқан келген ақ қасқыр мен Толбыл жатқан келген іті бір-бірімен таласады. Ақырында кішкентай қара ит жеңіп, ақ қасқыр қашып, Ертіске батып кетеді. Хан жанындағы түс жорушылар ақ қасқыр ханның өзі, ал қара ит Ресейдің жерінің алатын жау деп жориды. Осындайда зерттеуші Қ.Анарбаевтың бар қазаққа киелі саналатын «Алаш» сөзінің арғы шығу тегін осы тотеммен байластыра қарастыруының ғылыми тұрғыдан да маңызы жоқ емес деп санаймыз. Ондай түсініктер кейде өте ерте заман тарихына үйілуге мәжбүрлейді. Айталық, ежелгі Рим негізін қалаған эллистерде қасқыр тотемді елден шыққаны туралы деректерді ғылыми сараптау әлі күнге кенжелеп келе жатқан мәселелердің қатарында қалып келеді. Бұл жайлы О.Сүлейменов еңбектерінде өлі қозғар біршама пікірлер айтылғаны белгілі.

Осындай халық аңыздары мен төл тарихымызға қатысты өзге де жазба деректерге көз жүгірту арқылы да сонау көне замандардан бөрі тотеміне қатысты бар ерлердің немесе елдің ел-жұртты билеуі құқығына қатысты аңыздарға арқау болғаны назар аударуды қажет ететін сияқты.

Тарихи әдебиеттер мен ғылыми зерттеулерде көп айтылып жүргендей ең алғашқы қасқыр тотемді ел туралы аңызды ежелгі Үйсін мемлекетінің ерте тарихымен байланыстыра кездестіреміз. Содан соң, осыған ұқсас ең ғұндалардың шығу тегіне қатысты ауызекі өңгімелерге негізделген ортағасырлық Түрік қағандығының генеалогиясына қатысты аңыздан көреміз. Фольклорлық туынды Оғыз қаған туралы аңыздарында да бөрі тотемі айқын көрініс береді, ортағасырлық Қыпшақ хандығының елі билеген тайпасы да елбөрі атауымен белгілі болған. Қазақ халқы басқа да туыс халықтар сияқты қыпшақ тілді халық екені, қазақ әдеби тілінің қайнар көзі – қыпшақ тілді екені белгілі.

Қыпшақ қоғамындағы саяси билік атадан балаға мұрагерлікпен өткені ортағасырлық жазбагерлердің еңбектерінен белгілі. Өз кезегінде XIII ғасырда Шыңғысхан «Дешті қыпшақты» және оған қараған аумақтарды басып алған соң осы билік басындағы елбөрі тайпасының мұрагерлерін ауыстырғынға ұшыратты. Осы тайпаның ұрпақтары Мысыр мен Үндістанға құлдыққа сатылып немесе әскери жасақ ретінде барса да билеушілер тұқымынан екендерінен дәлелденген тарихшы Бейбарыс сұлтан сияқты тұлғалар тарихынан белгілі. Бейбарыстың тегі Беріштен екені, ал Беріштің «бөрімен» байланысты екені

зерттеушілер тарапынан пікірлер айтылып келеді.

Әйтпекі «Алпамыс батыр» жырында да Байбөрі есімі қоғамы мен халқына қадірлі адамға қатысты айтылғаны эпостің мәнінен көрініп тұр. Біздіңше, осы жайттар мен түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының тарихи жадында «бөрі киесіне» қатысты айтылатын тілдік материалдар, яғни мақал немесе мәтелдер деңгейінде күні бүгінге дейін қолданыста келе жатқан сөз тіркестерінің арасында бір байланыс бар. Миғ мазмұнындағы бөрінің жалыбын «тәңірілік» ұғуымыз немесе «киелі» санау қазақтың «Итін несі болса, бөрінің тәңірісі бар» мақалында сақталған. Этнографиялық деректерден негізінен қазақ келіндері қасқырдың атын тікелей атамай «ұлыма», «итқұс» сияқты атаулармен атағаны да осы тотемдік тотемдік түсініктермен асытып жатса керек.

Халық аңыздарында «ел боларлық үл дүниеге келер мезгілде шешесі бөрі етіне жерік болатын» сияқты оқиғалар жетіліп көп кездеседі. Ә. Марғұлан тарапынан бөрі етіне жерік болған әйел руластары тарапынан құрметтеліп, оған туған балаға «Манғыс», «манғыт», «ногай», «қалай», «қобек» сияқты ат қойғаны, Үргенші сияқты қаланың арғы атауына да осындай аңыздар ізі жатыр деген ой айтылған. Бұл пікірлер әлі де қосымша зерттеуді қажет еткенмен де, ішінара келісуімен де негіздері жоқ емес сияқты. Себебі, ресми тарихтың сұлбасы да Манғыстау өңірінің ертелегі ғұн ордаларының бірі болғанын көрсетеді. Аттила ордасының сол батыстағы Еділден Еуропаға өткені белгілі.

Қ.Анарбаевтың зерттеулерінде Үйсін мемлекетінде, яғни Үйсіндерде «Күнби» сөзі бірінші рет сөзінен пайда болған, ал ғұндалардың «бөрте», түркілердің «ашына», Оғыз қаған жорықтарындағы «бөрінің» бастауы, қыпшақтардағы «елбөрінің» тайпасы және де Едігеннің Шыңғысханның қаймықпастан осы елді басқаруы, сол секілді «бөрі» есімі немесе соған байланысты бар рулардың, әулеттің билікке ие болатындығы, жеңіске жетелейтіндігі, сол халықтың ұйытқысы бола білетіндігі екендігі туралы айтады. Болмаса, кейінгі Шыңғысхан тегіне қатысты «Моңғолдың құпия шежіресіндегі» аңыздарда ит тотеміне (қасқыр тұқымда) қатысты аңыздар тмас еді. Шыңғыстан шыққан тегі боржигин атауымен атаулына да да осындай аңыздар ізін байқауға болады.

Қасқыр бейнесі – қазақтың жауға шапқанда көтеріпті байрағына түскен. Атақты ақын Сүйінбайдың «Бөрілі менің байрағым, Бөрілі байрақ көтерілсе, Қозып кетер қайдағым...» деп жырлауында қасқырдың жаудың құтын қашыратын қасиетімен бірге көнеден келе жатқан тарихи сана сабақтастығын айқын атқаруға болады. Көне түріктердің де байрағында алтынмен зерленген бөрінің басы бейнеленген. Бұл жайттар бөрі тотемді билеушілер немесе солардың елі қоғамда ерекше құрметке ие болған деген қорытындыға жетелейді. Ал тұда бөрі басының бейнеленуі сол саяси билеушінің немесе сол басқарған елдің туының астына қалған елді топтастыру деп қарастыру керек. Әрине, бір мақала шеңберінде халық аңыздарын тізбелеп, олардың тарихи деректік маңызы мәселелеріне талдау жасау мүмкін емес. Дегенмен онындай жайттарға зерттеуші тарихшы мамандар үнемі назар аударып отыра са жазба деректерді фольклорлық және тілдік материалдармен қосымша байғытып қарастыру мүмкіндіктері молыға түсері анық.



# БАТЫС ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ МҰХАММЕД (С.Ғ.С) ПАЙҒАМБАРҒА ҚАТЫСТЫ КӨЗҚАРАСЫ

**С. Ералиева,**  
**«Өзірет Сұлтан» қорық-мұражайының кіші ғылыми қызметкері**

Бұл мақалада Мұхаммед Пайғамбардың мұсылман үмбеті үшін жасаған ізгі істері жайлы ізденістер мен ой-тұжырымдарын Батыс ғалымдарының және соның ішінде Карен Армстронгтың зерттеулерінде ашып көрсеткеніндей батыс қоғамы үшін ислами құндылықтардың ықпалын айқындау міндеттелді.

Карен Армстронг Ислам дінінің басқа діндер арасындағы орнын, адамзат тарихындағы және бүгінгі күн үшін маңызын сараптап, талдауға, зерделеуге көп уақыт арнаған. Оның шығармаларында Исламға қатысты көзқарасы айқын аңғарылады. Армстронг Ислам діні Орта Шығыста әртүрлі сенім негіздерінің бірнеше ғасырлар бойы бірге тіршілік етіп келе жатқан жағдайда туды деп санайды. Мұхаммед пайғамбар ежелден дін бірте-бірте Ислам деген атпен танылды. Ислам әрбір сенушінің өзін толық мәнінде Тіңгіре беруі деген мағынаны білдіреді деп Ислам дінінің ұғымдық, атаулық категорияларына да толық сипаттама береді. Бірнеше ғасырлар бойы Батыс ориенталистері Батыс қоғамында Ислам дінінің шынайы дін екендігін жоққа шығару үшін Құранның илоһи қайнардан бастау алғанын терістеуге тырысты. Олар Құран Мұхаммед пайғамбардың ішкі ойлары мен христиандардың сөздерінен тұратын кітап деп жазды. Соңғы жылдары ғана дін мамандары Ислам дінінің шынайы дін екендігін мойындап, Құранды Құдайдың көлемі ретінде қарастыруға бет бұрды. Карен Армстронг осындай ірі дін ғалымдарының бірі. Карен Армстронг Құранның түсуі, жиналуы және кітапқа түсірілуі мәселесінде Ислам дінінің қайнар көздеріне сәйкес келетін мәліметтерді кенінен қамтиды. Карен Армстронг зерттеуі бойынша Құран Кәрім Мұхаммед пайғамбарға қазіргі кездегі оқылып жүрген күйінде түскен жоқ, оқиғалардың себептері және шік мәндеріне сәйкес бөлек-бөлек болып түскен. Әрбір жана бөлім түскен кезде оқу мен жазу білмейтін пайғамбар бұл аяттарды жоғары дауыспен қайталап отырған және оны қаулап отырған мұсылмандар оларды бірден жаттап алған немесе оқу-жазу білетін бір адам қолына қалам алып жазған. Мұхаммед пайғамбардың өлімінен жиырма жыл өткеннен кейін уахилар алғашқы рет бір жүйеге келтірілді. Біздіңше Карен Армстронг сипаттап отырған бұл пайғамдаулар Құран Кәрімді түпнұсқа мәтін ретінде танытуға өте маңызды болып саналады.

«Тәңірі тарихында» Карен Армстронг жайшылықта күнделікті орындалып жүрген діни құшшылықтардың ішкі мәніне, астарына, хикметіне назар салады. Оның илоһи сырларына үңіліп, адамның жан, жүрегі үшін қандай пайдасы бар екендігін айқындауға тырысады. Ол бұл үшін бірқатар дін ғұламаларының сенімдерін тәжірибелеріне жүгінеді. Мысал ретінде келтірілген Али Шариадидің естелі Армстронгтың діни психологиялық талдауларына қуатты дәлелдер ұсына алатын мәнге ие. Карен Армстронг Ибраһимнің баласы Смағұлдың құрбан шалуға деген ниетін талдай отырып, сол кезде Тәңірге адамды құрбандыққа шалудың көне Грек, Рим қоғамында кең етек алғанын баяндайды. Бала дүниеге келгеннен кейін тәңірлердің құшы қуаты да азаяды, сондықтан оның қуатын қалпына келтіру үшін құрбан шалуы тиіс. Армстронг, әрине, бұл мәліметтерді сол кездегі деректер негізінде келтіріп отыр. Алайда Тәурат жазбалары мен христиан дінінің ережелері негізінде Карен Армстронг Ислам дінінің қағидаларына қайшы келетін тезистерді басқа діндердің көзқарастары тұрғысынан ұсынған. Ислам дінінде Ибраһим пайғамбардың құрбандық оқиғасы өте қасиетті саналады, ол Құран айт мерекесіне ұласып кеткен. Құрбан шалу - Исламда әрбір мұсылманның басты парызы. Сонымен қатар Ибраһим құрбан шалуға алып кететін баласын жәудилер мен христиандар Ысқақ десе, мұсылмандар Смағұл екендігін дәлелдейді. Әрі Мұхаммед пайғамбардың нуры да

Смағұл пайғамбардан бастау алады, оның үстіне Мұхаммед пайғамбар «Мен екі құрбандықтың баласымын» дегенде бабасы Смағұлды да мензеген. Құдай Ибраһимнің мәрттігі мен сабырына риза болып, пейіштен көк қошқар түсіреді, содан бастап, төрт түлік малды құрбандыққа шалу діни салт ретінде дәстүрге енеді. Бұл жайында діни психологиялық тұрғыдан зерттеу жасаған ғалымдар оқиғаның «жабайы, үркітуші» емес, керісінше, адамның нәпсісін тәрбиелеуге бағытталған жоралғы екендігін дәлелдеуге тырысады.

Армстронг Құран Кәрім мұсылмандарда тек білім алу үшін ғана оқылатын кітап болмағанын, діни сезімді бастан кешіру үшін оқылған кітап екендігіне басты назар аударады. Сондықтан оны асығыс оқып қоя салуға мүлдем болмайды. Құран оқудың өзі рухани тәртіпке бағынышты. Армстронг саналы, ақылды адам зер салып қараса, Құранның ішіндегі илоһи күшті сезіне алатындығын алайда христиан дәстүрі бойынша жетіліп шыққан зерттеуші ғалымдардың оны түсінуі оңайға түспейтінін, өйткені үндістер, яхуидилер мен мұсылмандарға қарама-қайшы христиандардың санскритше, ибранише және арабша киелі тілдері жоқтығына назар аударады. Мұсылмандар Құранның мағыналық тәржімасын оқыған кезде басқа бір кітап оқыған сияқты сезінетіндіктерін, өйткені аудармаларда араб тілінің көркемдігін із де қалмағанын айтады. Аты айтып тұрғандай, Құран жоғары дауыспен оқу үшін түсірілген және мақам тындап отырған адамның жүрегіне ерекше күйге бөлейді.

Мұхаммед пайғамбардың сиыры туралы жазған алғашқы тарихшылары оның Хира тауында Жәбірейіл періштеден Құран айттарын тыңдаған кезде терең теобреніске түскендігін, Өзіреті Омар сахабаның да Құранның әуезін тыңдағанын кейін жүрегі бақып, Ислам дініне кіргендігін тілге тиек етеді. Армстронг Омардың басындағы дәл осы халді Джордж Стейнердің «Шынайы болмыстар: Сөйлеген сөзіміз де бір нәрсе бар ма?» атты кітабындағы өнер тәжірибесімен салыстырып, «әсерлі сурет, әдебиет пен әуеннің ойсыздығы» болмысымыздың соңғы жеріне дейін ұласатындығын көрсетеді. Адам бір әуен тыңдағанда өзін жөксезініп, соның әсерінен еріп кетеді, бұл фоне халіне қатты ұқсас деп сипаттайды. Сондықтан да Карен Армстронг - Құранның осындай әсері болмаса, Ислам дінін терен жайылмас еді - деп тұжырымдайды. Зерттеуші мұсылман болудың алғашқы шарты «қолима шаһадатқа» қатысты оның жалғыз Алланың барлығын ғана мойындау емес, сонымен қатар шынайы болмыстың Сол екендігіне қалтқысыз сену екендігін алға тартады.

Христиан дініндегі Уарақа ибн Науфал Мұхаммедті шынайы пайғамбар деп таныған кезде ол өзі үшін немесе Мұхаммед үшін Исламды қабылдамаған еді. Мұхаммед яхуди мен христиандардың олардың өздері қаламайынша Алланың шынайы дініне кіруге мәжбүрлемеді, олардың уахиларына құрмет көрсетті. Армстронгтың көзқарасы бойынша Құран Мұхаммедті пайғамбарлардың үндеулері мен жолдауларын теріске шығарған жоқ. Әрине, осы мәселе кеңінен қарастыруды қажет етеді себебі мұның астарында толеранттылық қағидасы жатыр. Батыс қазіргі таңда Исламды толеранттылық жоқ деп кінәлауға дайын тұрады. Алайда Ислам діні уахиды яхудилер мен христиан дінінің өкілдері сияқты тар мағынасында түсінген жоқ, керісінше, Құран Тәңірдің жер жүзіндегі әрбір халыққа хабаршысы, елші жібергендігін, Ислам дәстүріне сәйкес 124 000 пайғамбар өткендігін паш етеді.


Карен Армстронг XVIII ғасырда ағартушылық дәуірдің рухымен Мұхаммедті парасатты, пайымды заң шығарушы ретінде көрсететін мифтер жасалды деп көрсетеді. Граф Анри де Буленвилле «Мұхаммедтің өмірі» деп аталатын еңбегін 1730 жылы Парижде, 1731 жылы Лондонда басып шығарады. Онда ол пайғамбарды «Саналы дәуірдің алғашқы хабаршысы» ретінде бейнелейді. Буленвилле «Мұхаммед әлемнің әміршісі болу үшін өзінің дінін жасады» деген ортағасырлық көзқарасын келістінен білдіреді. Алайда христиандыққа қарағанда

Исламда шынайылық басым. Себебі, христиандықта шіркеу барлық әрекетті құдайлық әмірмен байланыстырды. Біздің исламнан үлгі ететіміз де - осы. Мұхаммед - Александр Македонский, Юлий Цезарь тәрізді ұлы жаужүрек батыр деп мәлімдейді. Бұл кезекті қиялдың жемісі болатын. Буленвилле еңбегінде Мұхаммедті барынша Құдайды тану жолында адаласпағандығын көрсетуге тырысқан. Әрине кей тұстарда өз қиялына ерік берген, алайда мұның өзін пайғамбарды жақсы қырынан көрсетуге талпыныс деуге болады.

XVIII ғасырдың соңында Эдвард Гиббон «Рим империясының құлауы мен кірау тарихы» деген еңбегінің он бесінші тарауында исламда монотеизмнің асқақ екенін дәріптейді және мұсылмандықтың батыл қадамдарын әлемдік өркениеттің тарихында құрметті орынға лайық деп бағалайды. Алайда ежелгі теріс түсініктердің батыстық санаға өте терең сіңгені сонша: исламды зерттеп, оны дәріптеп отырған жоғарыдағы авторлардың қай-қайсысы болсын өздерінің объективті пікірлеріне табанды бола алмаған. Мәселен, еуропалық теріс ұғымдарды бұзып отіп, ислам мен жиһадтың мәнін жақсы қырынан түсіндіруге тырысқан Саймон Окли Мұхаммедке келгенде: «Ол елжұртқа сыртын жана керемет етіп көрсететін де ку әрі аялакер адам болған. Бірақ шыңдығында оның жан дүниесін атакқұмарлық пен әйелқұмарлық билеп алған» - деп, қисынға келмейтін нәрсені көкірестеді.

Тіпті Гиббонның өзі «Ислам діні әлемдік өркениет қалыптастырды» деп бағалай тұра, Мұхаммедтің ерекшелігіне келгенде көз жұма қарады. Ол Мұхаммедтің арабтары ізіне ілестіру үшін оларды олжаға қызғырғаным айрықша ықыласпен дәлелдеуді те болды. Құранды Құдайдың түскен мұғжиза деп есептейтін мұсылманның сенімі жөнінде Гиббон астамшылықпен: «Алладан келген уақи деген аргумент - не болса соған таңғалатын, құлағы әлемі әуезден гана рақат алатын, таяз ақылы көзсіз сенімге бойұрандытың, нағыз геңийлердің шынайы туындылары жалғаннан айыра алмайтын надан арабтарға Мұхаммедтің сөзі қатты әсер еткен. Ал Құранның аудармасын оқыған «дінсіз» еуропалық не тілдік үйлесімді, не сөз байлығын бағалай алмайды. Бір-бірімен байланыспайтын жалған сөздерді, бұйрықтарды, бірде көкте, бір жерде қалыптатп жүретін, не әсері, не мөнері жоқ тақпактарды тітіркене отырып оқиды»-дейді.

Бұлай ой толғау кей батыс дінтанушыларының өзгені танымастығынан шірене отырып сынап-минеп «Егер біз Құранды түсінбесек, демек, оның ішінде іліп алар ештеңе де жоқ» деп, шапқанынан тыңдаған қате тұсінік болатын. 1841 жылы Томас Каралеильдің Мұхаммед туралы «Батыр пайғамбар» деген лекциясында Құран туралы пайымды пікір айтауға да сондықтан. Сөйте тұра оның Мұхаммедті ортағасырлық мифтерден ажыратып алуға барынша тырысып бағуы, оны діни қайраткер ретінде



бағалаған алғашқы қадамды жасауын құптамақса болмайды.

1798 жылы Наполеон Египет институтының көптеген шығыстанушыларын кемеге тиіп алып, Мысырға келді. Ол ислам дінін жаулап алу үшін және Үндістандағы Британ үстемдігіне қыр көрсету мақсатында мұсылман жұртына жаңаша жоспар құрады. Мысырға жеткен соң ол ғалымдарын ел ішіне аралап, ақпарат жинауға жұмсайды. Офицерлерге ғалымдар не айтса, соны мүлтіксіз орындау туралы қатаң тапсырма береді. Олар Александрия тұрғындарымен кездесіп, еш ұялмастан өздерін «Біз - нағыз мұсылмандармыз» деп танығырады. Бұл жорыққа әбден дайындалып келген Наполеон Каирдегі әл-Азхар мешітінен алып шейхты өзінің штабына шақыртып, оларды қонақ қылады. Өзінің Вольтерден оқып-білген «Мұхаммедті» туралы шейхтармен сұхбаттасып, білмеген жерін сұрап, пайғамбарды мақтап сөйлейді. Әрине, олар Наполеонның мұсылмандығына құлай сенген жоқ, бірақ француз қолбасшысының ислам туралы білгісі келген талабы шейхтардың көңілін аздап болсын жібітті. Абыройлы шейхтармен дастарқан басында сұхбаттасуы да халық арасындағы өшпенділіктің азаюына ықпал етеді. Әйтсе де әскери экспедиция сәтсіз аяқталды. Британ және түрік біріккен әскерінен жеңіліс тапқан Наполеон салы суға кетіп, Еуропаға қайтады.

XIX ғасырда Еуропа мықтыларында өзге ел-жұртты шексіз билеп-төстеп кете беретін басқыншылық көңіл-күй үстем болды. Өздеріне «Жабайы Азия мен Африканы» құтқару тек солардың маңдайына жазылғандай көрінді. Француздар мен британдықтар құлдырап құрып бара жатқан Осман империясына ашкөзден қарап отырған. Ашкөздік екі жақтың қарым-қатынасына әсер етпей қоймайды. Мәселен, француздық христиан апологеті (жазушы) Френсуа Рене Шагобрианнан кресшілер идеясының қайта

жаңғырғанын аңғарамыз. Шагобриан Наполеонның экспедициясына тәнті болған. Оған француз қолбасшысы бейне бір зиярат етуші қресшідей көрінді. Ол қресшілердің шығысқа христиандықты таратқысы келгенін дәлелдеп: «Христиан діні басқа діндерге қарағанда «еркіндік туғызады», сондықтан қресшілер шығыс жаққа еркіндік әкелгенде өркениеттің жауы және қоғамды надандықпен құлдыққа сүйреуші исламмен қактығысқан» деп соққан.

Француз революциясы кезінде ислам тағы да жағымсыз тараптың жекусұрын кейіпкеріне айналды. Орта ғасыр дәуірінде иерархияға бейтарап кейбір ислам сыншылары Мұхаммедті «Төменгі таптың өкілдері - құлдар мен әйелдерге көп бостандық беріп жіберген» деп айыптаған. Бұл стереотиптің қазіргі демократиялы қоғамда күлі көкке ұшты. Бұл исламды толық түсініп, дұрыс бағалағанынан емес, бұл идея олардың қолайына емес, бұл ислам үнісі кетті. Әсілінде «Батыс» исламды шетке ығыстырып, барлық жетістікке өзіміз бұрын жеттік дегенді жақсы көреді. Қарап отырсақ, арабтар мен еврейлер қайтадан орта ғасырдағдай бір образ кейіпкерлеріне айналған.

Ізгілікті насихаттаушы христиан миссионерлері отарлау саясатын қолдаған. Мысалы, жергілікті христиандарға Ливанда протектор басқаруын тапсырған. Империя басылары христиандар әкімшілік басқару ісінде жаңа ағартушылық пен прогресс әкелді деп сенген. Алайда олар елдегі мұсылман ғұламаларын қуғындауға белсене кіріседі. Оның арты көтеріліске әкеп соқты. Мәселен, Алжирде отаршылдық жүйені орнатқан көп уақыт керек болды. Бүркте қалған көтерілісті басу үшін қаншама жазалаушы жорықтар жолға қойылды? Француз тарихшысы М.Бодрикүр сол кездегі жағдайды былай суреттейді: «Біздің сарбаздар экспедициядан оралғанда өз істерінен өздері ұялды... Олар орман-тоғайды отап, ағаштарды өртеп жіберген. Қарттар, әйел, бала-шаға шыбынды қырды. Бейшара әйелдердің сақина, білезік сияқты әшекей бұйымдары солдаттардың дүниекоңыздығын қоздырды. Алжирлік әйелдердің білезігі ересік едіпсен жасалатын. Яғни білезікті қыз баланың жас күнінде аяғы мен қолына тағып қояды. Ол шешілемейді. Өмір бақи алынбайды. Француз солдаттары әшекейлерді алу үшін олардың қолы мен аяқтарын шауып тастайтын».

Отаршылдар бойында исламға деген табиғи жеккөрініш есіп тұрды. Египетте Лорд Кроммер Египет либералы Мұхаммед Абдоның кейбір дәстүрлі ислам идеалдарын назардан қайта өткізу туралы әрекеттерін айыптайды. «Ислам өзіне реформа жасай алмайды. Арабтар қоғамын тірілтуге қауқарсыз» дейді. Ол «Қазіргі Египет», «Шығыс тұрғыны» деп аталатын екі томдық әйгілі еңбектерінде исламды оналмайтын инфантилизм құбылысына балайды.

Обалы не керек, бірнеше батыс ғалымдары араб пен мұсылман қоғамының объективті болмысын жасауға барынша талпынды. Бірақ отарлаған күшті елдің асып-тасқан мерейі көп адамның исламды дұрыс

тануына жол бермеді. Олар исламды байыппен зерттеудің қажеті жоқ деп қысқа қайыра салағын. Исламға деген осындай әділетсіз көзқарас оның басқа әлемнен оқшауланып қалуына ықпал еткені күмәнсіз.

Мұсылмандар әрқашан өзге мәдениеттің идеяларына үн қосатын. Сондықтан да олар батыстың заманауи, радикалды идеяларына ұмтылды.

XX ғасырдың басында ислам әлеміндегі озық ойлы интеллектуальды барлығы либералдар және батысшылдар болды. Олар батыс империализмнен жек көре отырып, Еуропадағы либералдар бізді қолдайды және лорд Кроммер сияқты адамдарға қарсы шығады деп ойлады. Алайда соңғы елу жылда батыс өзіне деген осындай достық пейілді жоғалтып алды.

Сириялық жазушы Рана Каббан «Христиан әлеміне хатында»: «Батыстың да ар-жаданы ала-құла боп өзгере береді. Олар АҚШ барлау қызметі қолдап отырған ауғандық моджахедтерге жылы ұырай танытады. Никарагуада да солай болған. Бірақ «қырғықбақ соғысына» араласпай, өзінің саяси мүддесін ғана көздеген мұсылман сарбаздарына көңіл бөлмейді. Мен барын да жазғанымадай оқушыға ұшыраған территорияда күн сайын 600 палестиндік өлім құшып, 30 мыңнан астамы жаракат алады. 20 000 палестиндік жауынгер Израиль түрмелерінде саусыз тұтқында отыр. Алайда осындай Израиль елі - батыстың көзқарасында бәрібір демократиялық мемлекет. Бейне бір өзгерістің өкіліне еліктейтіндерді көреміз» дейді.

Исламның радикалдан- нып кетуіне батыс та белгілі бір дәрежеде жауапты. Бүгінде көптеген мұсылман батысты құдайсыз, әділетсіз және үмітсіз деп таныды. Кейбір батыс ғалымдары, мысалы, Максис Родинон, Рой Моттахеде, Никки Р.Келли, Жиль Кепель исламның мұндай көңіл күйінің себебін анықтауға тырысып бағуда. Дегенмен олардың мұсылман әлеміндегі қазіргі кризисті объективті, шынайы түрде зерттеулері батыстағы үркредей ғана топтың санасындағы тонды жібітеді. Ал көбінің санасында сол бағыт жеккөрініш ұрығы шем-мен боп қатып қалған. Олар болып жатқан оқиғаның түбіне үніліп әуре болмайды.

Ал исламдағы жаңа радикалды ұстаным тұтасымен батысты жек көруден пайда болған жоқ. Мәдениетіне кейін келіп қосылған қисық дәстүрлерді қоюды мақсат етті. Ал діни экстремизмнің себептерін анық айту мүмкін емес. Олар әр түрлі континентте - қалада да, ауылда да бұр жара береді. Бұған тек психологиялық қырынан келу керек тәрізді. Яғни мұсылманның өмір салтын батыстың мәдениеті жаулап алды. Тіпті үйлеріндегі отыратын орындық пен жиһаздан, тамақ ішетін ыдыс-аяқтан өзінің мәдени символдарын көре алмағандықтан, бойын үмітсіздік билеп, өзге мәдениетке жұтылып бара жатқандай сезінді. Мәнінше, исламдағы экстремизмнің шығу себебін осы тараптан іздеу керек.

Дінді қабылдағанда көп адам өзінің мәдени тамырына жалғанып, төл дүниетанымын қайтадан тірілтіп келеді. Алайда әлемнің әр түкпірінде исламның жергілікті мекенге ғана тән таңғажайып түрлері өмір сүріп жатыр. Оған жергілікті жағдай мен дінге еш қатысы жоқ әдет-ғұрыптар қатты әсер етеді. Майкл Джилсенен «Исламды тану және Таяу Шығыстағы дін мен қоғам» деген еңбегінде әр өңірдегі халықтың діни ислам болғанымен, мәдениеті діни ислам болғандықтан, өзінің діни екендігін айтады. «Ислам» немесе «фундаментализм» сияқты терминдермен отаршылдықтан босаған Таяу Шығыстағы халықтың ахуалы сипаттап беру мүмкін емес. Бұл құбылыс бұқаралық ақпарат құралдары тарататын ақпараттан әлдеқайда күрделі.

Біз үнемі исламға деген қанға сіңген өшпенділігімізді білдіру үшін жаңа стереотиптер ойлап табамыз. 1970 жылдары бізге ислам мұнайы көп ысырапшыл бай шейхтардың бейнесінде елестесе, 1980 жылы Салман Рушдиді өлім жазасына кескен Аятолладан соң ислам бейне бір творчестволық еркіндікке тыйым салушы догма діндей көрінді. Бұл образдардың бірде-бірі шым-шытырқы мұсылман әлемінің шынайы өмірінен хабар бере алмайтыны анық. Бірақ бәрібір адамдар ислам туралы бұрыс ақпараттармен кесіп-шішіп сөйлей беретін. Мысалы, Рана Каббани Фэй Уэлдон мен Конор Круз О'Брайеннің айтқан екі түрлі сорақы сындарын мысалға келтіреді. Ағылшын жазушысы Уэлдон Салман Рушдидің дауына байланысты «Қасиетті сыр» деген еңбегінде: «Құран адам ақылына арналмаған. Бұл саналы әрі қауіпсіз қоғамның іргетасы болатын поэма емес. Ол адамның ақылын бақылау үшін қару мен күш ұсынады. Мұндай өзіндік цензураны ақылсыз болса, опонда жасауға да болады ғой және олай жасау өте қорқынышты... Мағынасы шектеулі, қала берді «Құдай» деген сөзге қатысты тааным басталғанда одан сайын шектете түсетін мәтіндерді көреміз» дейді.

Бұл пікір біздің Құран мен исламды зерттеуге шынайы тәжірибемізбен сәйкес келмейді. Бірақ сонда да болса әрі қарай тыңдап көрейік. Ирландық ғалым, жазушы әрі саясаткер Коноар Круз О'Брайен ежелгі аңыздарды қайта дамыта отырып, адасқан ислам мәдениетіне құрмет білдіруді екіжүзділік деп айыптады: «Мұсылман қоғамы өте жиіркенішті... Оның жиіркенішті болып көрінуі себебі ол табиғатынан жиіркенішті... Егер батыс адамсы ислам қоғамына тәнті болып, бірақ батыс құндылықтарын ұстанатын болса, онда ол екіжүзді немесе надан» дейді.

Ол: «Араб қоғамы ұзақ уақыттан бәрi наукас алуынан күйін кешуде. Өткен ғасырда араб ойшылы Жамал әл-Ауғани былай деп жазған еді: «Әрбір мұсылман наукас және оның бірден-бір емі - Құран». Өкінішке орай, сол емін қолданған сайын оның ауруы керісінше асқынып барады» деп сынаған. Алайда барлық сыншы исламға орта ғасырдағы надан кресшінің назарымен қарамайды. XX ғасырда көптеген ғалымдар исламтанудағы батыстың көзқарасын кеңейтуге барын салды. Атап айтқанда Луи Массинион, Х.А. Гибб, Анри Корбэн, Аннемари Шиммель, Маршалл Ходжсон, Уилфред Кентуэлд Смит. Олар өз дәуіріндегі ислам туралы теріс ұғымдарды талқандаған әулие Петр мен сеговиялық Хуан сияқты академиялық ғылымның әдісімен батыстағы пайымсыз пікірлерді талқандады. Дін ілімі ғасырлар бойына ел-жұрттың бірін-бірі терең тануына септесіп келді.

Қорыта айтқанда, Карен Армстронг Исламды және Мұхаммед пайғамбарды байышты зерттеу кезінде мұсылмандардың рухани принциптермен өмір сүруіне 1400 жыл бойы Құран идеяларының ықпал еткендігін дәлелдейді.

Карен Армстронг нәліктен Ислам діні және Мұхаммед пайғамбардың өміріне қалам тартты, оны осы тақырыптарға итермеленген күш не еді деген сұраққа жауап іздейтін болсақ, оның жауабы өз сөзінен табуға болады. Ол Мұхаммед пайғамбардың шынайы өмір жолының жазылуы керектігін, өйткені әлем тарихы бойынша оның ең маңызды тұлғалардың бірі екендігін алға тартады.



БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ

«ДІН ЖӘНЕ ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМ» ТАҚЫРЫБЫНДА КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІЛДІ



Жуырда «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі «Дін және діни экстремизм» тақырыбында жиын ұйымдастырды.

Ис-шараға Түркістан қалалық қажылар қауымдастығының төрағасы Әбдірахман Әбдімәлік қажы, қалалық Ахмет Ясауи мешітінің наиб-имамы Кіізбаев Ерлан, қала конактары және музей қызметкерлері қатысты.

Ис-шара мақсаты – қоғамға ірікті салушы экстремизм мен терроризмді тамырымен жою,

болдырмау, алдын алу, әсіресе жастар арасында бұл зұлымдықтардың қаупін, келтіретін зиянын ашып түсіндіру.

Келген дін өкілдері жиын барысында дәстүрлі және дәстүрлі емес діни ағымдар, оларды ажырату жолдары туралы кең мағлұмат берді. Имам ағаларымыз ислам дініндегі дәстүрлі емес ағымдар тарихына шолу жасай келе, әлемде және елімізде бой көрсетіп жүрген экстремистік және лапшектік әрекеттердің зардаптары мен кері әсерін нақты мысалдармен түсіндіріп өтті.

Сондай-ақ, сөз соңында діни экстремизмнің алдын алу және жолын кесу мақсатында аудан аумағындағы мүдделі мекемелермен және ұйымдармен бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

Сонымен қатар жиын аясында көпшілік қауымға «Дін және діни экстремизм» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Кездесу соңында, келген конактарға «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің баспа өнімдері сыйға берілді.

АЙЫР КӨМЕЙ, ЖЕЗ ТАҢДАЙ СЫРЫМ ДАТҰЛЫ

«Түркістан – Түркі әлемінің 2017 жылғы мәдени астанасы» аясында көптеген игі шараларды ұйымдастырушы «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінде Ұлт азаттық қозғалысының бастысы, атақты батыр Сырым Датұлының туғанына 275 жыл толуына орай өңірлік ғылыми-практикалық конференция болып өтті.

Жиынға төрағалық еткен Жандос Әубәкір музейлер арасындағы сабақтастықты, тарихи тұлғаларды танып білудегі бұл конференцияның маңыздылығына баса назар аудару қажеттігіне жұрт ықыласын аударды.

Жиынға төрағалық еткен Жандос Әубәкір музейлер арасындағы сабақтастықты, тарихи тұлғаларды танып білудегі бұл конференцияның маңыздылығына баса назар аудару қажеттігіне жұрт ықыласын аударды. Конференцияда бас қосқандар Сырым Датұлының шежіресі мен тарихы, Сырым бастаған ұлт-азаттық қозғалысының басталу және оның барысы, шешендік тұлғасы сынды тақырыптарда баяндама оқыды. Атап айтсақ, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің бас редакторы Әбдікерім Манапов «Сырым Датұлы және қазақ халқының шешендік өнері», «Әзірет Сұлтан» қорық-музейі ғылыми зерттеу бөлім меңгерушісі Ғани Исақов т.ғ.к., «Сырым Датұлы – қазақ ұлт-азаттық көтерілісінің жетекшісі», Н.Төрқұлов музейінің меңгерушісі Д. Керімбекова



«Сырым шешендік өнерді дамытушы», «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің Археология және тарихи ескерткіштерді қорғау бөлімінің меңгерушісі М.Тұяқбаев «Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде жерленген батырлар» тақырыптарындағы мазмұнды баяндамалар Сырым Датұлының болмысын аша түсті.

Жиын соңында конференцияға келушілер арнайы ұйымдастырылған «Ел бастаған көсем, сөз бастаған шешен» тақырыбындағы көрмені тамашалап, өз ойларын ортаға салды. Қатысушыларға «Әзірет Сұлтан» қорық-музейінің атынан сертификаттар табысталды.

«ТУҒАН ЕЛГЕ САЯХАТ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ӘЗІРЕТ СҰЛТАНҒА 200 БАЛА КЕЛДІ



2017 жылдың 9 тамыз күні «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық музейіне «Астана – Ақтау – Түркістан – Алматы – Астана» бағдарымен сапар шеккен 200-ден астам балалар келді.

«Туған елге саяхат» жобасы «Самұрық-Қазына Trust» корпоративтік қорының қолдауымен жүзеге асқан. Жоба мақсаты

– сыртқы әлемге балалардың қызығушылығын арттыру, елдің тарихы мен сәулет ескерткіштерін зерттеп, патриотизмге тәрбиелеу.

Балалардың барлығы да шалғайда тұратын, сабақтарын үздік оқитын, көп балалы, толық емес отбасыларынан құралған. Түркістанға сапар барысында балалар «Әзірет Сұлтан» қорық музейін аралап Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне таңданыстарын жасыра алмады.

ХАН ҚЫЛЫШЫ ТАБЫЛДЫ

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи мәдени қорық-мұражайының қоры тағы да бір тарихи, аса құнды жәдігермен толықты.

Ол – болаттан жасалған қылыш. Қылыштың сақталу жағдайы орташа. Сүйектен жасалған тұтқа-сабының төменгі бөліктері сынған. Жүзі аздаған қара-қоңыр түсті, тотыққан. Жүзінің бір жағы ғана өткіріленген. Қылыштың жүзіндегі кертпе іздері оның көптеген әскери қалыңдықтарды бастан кешіргендігін аңғартса керек. Дегенмен, қылыштың жүзі әлі де өткірлігін жоймаған. Қайқылған пішіндегі қылыштарды қазақтар «қатаған қылыш» деп те атайды. Қылыштың өткіріленген жүзіне қарсы бетінің жарты түтік пішінді болып келуі, қылыштың әскери әрекеттерде қарсыласты тек шабу үшін ғана емес, түйреу мақсатына да арналғандығын аңғартып тұр. Жүзі мен сабының түйіскен жері жезбен көмкерілген.

Қылыш сабының төменгі бөлігіндегі 1798 жылдан 1809 жылға дейін Қоқан хандығының ханы болған Алим Хан немесе Бұхара әмірлігінің соңғы билеушісі Сеид Мір Мұхаммед Алим ханның аты жазылған жеке мөр бедерінің түсірілуі болып отыр. Бұған дейін хандар ұстаған, тұтыған заттар біздің қорық-мұражайда кездеспеген.

XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы Қазақ тарихына қатысты мәлімет көзі саналатын мұндай жәдігерлер тарих ақтандықтарын айқындауға сеп болар тың жаңалықтарға қол жеткізуге мүмкіндік беруі бек мүмкін. Оның үстіне мұндай белгілі бір тарихи тұлғаның есімінің жәдігер бетінде кездесуі жәдігердің экспонат тұрғысындағы құндылығын арттыра түсетіні белгілі.

Болашақта аталмыш жәдігерге ғалымдарымыз тиянақты зерттеу жұмыстарын жүргізбек.

СПОРТ КҮНІНЕ ОРАЙ КӨРМЕ

2017 жылдың 18 тамызында «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының кітапхана бөлмесінің оқырмандар залында «Спорт – салауаттылық кепілі» тақырыбында фото-кітап көрмесі ашылды.

жарлығына сәйкес тамыз айының екінші он күндігінің соңғы аптасы спорт күні болып белгітелген. Аталмыш көрме осы күнге орай ұйымдастырылды. Көрме экспозициясына тақырыбқа сай 50-ден астам кітап және фотолар қойылған.

ҚОЛТАҢБА

Ғариза ОҢҒАРСЫНОВА

1939 жылдың 5 желтоқсанында Атырау облысы, Новобогат ауданына қарасты Манапш ауылында дүниеге келген.


«Үйім менің - Отаным», «Маңғыстау монологтары», «Революция және мен» өлеңдері топтамалары үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды.

Ленин комсомолы Орталық Комитетінің, Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет Грамоталарымен, «Құрмет Белгісі», «Парасат» ордендерімен марапатталған. Респубика мәдени-ағарту ісіне еңбегі сіңген қызметкер. Халық жазушысы.



Адалдық бар, мейірім бар, зорлық бар, қайратыңды қайнатады қорлықтар. ұлық бар, даналар бар, мұрат бар, шың аталған қырат бар.

Бірақ соның бәрнен биік тұрған бір күш бар, дидарына Жер де құштар, Күн құштар: ол – нәзіктік, мәңгі шуақ, нұры – күт, сарқылмайтын жылылық, ол тірліктің қуаты – ӘЙЕЛ атты ҰЛЫЛЫҚ!



АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМДА ОҚУ МӘДЕНИЕТТІЛІГІН ҚАЙТСЕК АРТТЫРАМЫЗ?

М.КӨПЕЕВА, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының кітапханашысы

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Дәстүрлі мәдениетті жаңғырту, өз халқының тарихи тәжірибесіне жүгіну тәуелсіздікке ие болған елдің өмірінен алатын заңды құбылыс. Мұның ар жағында қоғамдық сананың қалыптасуы, ұрпақ тәрбиесі сияқты үлкен міндеттер жатыр» деген болатын. Шынында, жаһандану заманында халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған бай тәжірибесін, рухани құндылықтарын өскелең ұрпақтың санасына сіңіріп, ойын дарытуға, ұлттық патриотизмді өрістеуге халқымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын сақтап, танып білуге септігін тигізері анық. Ал осы құндылықтардың жинақталатын нағыз орны - кітапхана.

Өкінішке орай кітаптың қадір-қасиеті, оның берер өнегесі, пайдасы туралы мыңдаған кітаптар мен мақалалар жазылғанымен оны оқу туралы оқулық кем де кем. Ал бұл құбылыстарды бір-бірінен бөліп жару мүмкін емес. Оқымаған кітап-бұл әншейін қағаз үйіндісі. Әдебиетсіз оқу-таза механикалық құбылыс.

Оқу дегеніміз-бұл кітап мазмұнымен толықтай танысу, автордың қағазға түсірген ойын жете ұғыну. Оқу - бұл графикалық белгілермен берілген басқа біреудің ойын менгеру.

Кез келген адам ақыл иесі ретінде өмір сүруге және оған қоса өзінің білімін жетілдіріп отыруға міндетті. Сондықтан оқу әр адам үшін қажет, оқусыз өмір мағынасыз өмір болып қалады. Конфуций: «Ойланбай оқу – бекер еңбек; оқымай ойлау-қауіпті»-деген. Ал Сенека «Қорғанды оқудан ізде, сен өмірдің барлық қайғы –қасіретінен құтыласың. Күндіздің қамы түнде күрсіндіруін қоялды, сен өз-өзіңе масыл және басқаларға пайдасыз болмайсың»-деп жазған.

«Кітап, бізді көбірек алғыр ойлауға баулып, албырт сезімді тежеуге, ішкі ойлау күші арқылы біздің барлық ойлау және сезіну қабілетімізді қалыптастыратын сезім тәртізді ми гимнастикасы болып табылады» (Пьер Гита Вокелен). Кітап-ол дос, жұбатқыш, басы, біздің түсініксіз және белгісіз болып қалған ойымыз бен сезімімізді қалыптастыруға көмекші, кітап өзінің мазмұнын нәр тапқызып, рухани қолдау береді. Біздің кызметіміздің әр күні, қоғамымыздың әр мүшесінің мәдениеттілік деңгейін көтеру мен өзінің білім алуына, көз қарасын қалыптастырудағы өзіндік шығармашылық танытуын талап ете басталады. Өздігінен білім алу, ой өрісін жетілдіру-ол тек қана ғалым, әдебиет мәдениет құндылықтарын өзінің өкілі болып ғана емес, сондай –ақ өзін тәрбиелеу әдістемесі бойынша қажетті білім алу, сол білімді тәжірибеміз ұштастыра білу, жаңалықтарды белсенді түрде енгізу. Өздігінен оқу, білім алуың ой қойлайы жолы, кітап дер болсақ ол - ой еңбегінің әлде қайда кең таралған құралдарының бірі болып табылады. Кітап адамның бүкіл өмірлік жолында жансерікшісі айналу керек. Қазіргі кезде отбасылық оқу дәстүрін қайта жаңғырту ісі бастышыққа алу тектен тек емес. Отбасының үлкен мүшелері баланы балалар әдебиетімен таныстырғанда, оқуға деген сүйіспеншілік пен қызығушылығын оятады. Мектепте, жоғары оқу орнында кітаппен жұмыс жасай отырып білу алдыңғы уақытта ғылыми көркем әдебиетті өзіңіңнен оқуға баулыр. Өкінішке орай көптеген жастарымыз дұрыс кітап оқуды, таңдауды біле бермейді, оқу мәдениеттілігінің элементтерін жіті таныс емес.

Кітаппен шындап жұмыс істей алмай біреулердің кітапқа деген сүйіспеншілігін мұқалтса, енді біреулерді жүйесіз, ойланбай оқуға әкеліп соқтырады. Жан-жақтылық оқу мәдениетінің келесі ерекшелігі болып табылады. Оның үстіне мақсаткерлікпен, жан-жақты оқу белгілі



ретпен жүйелі түрде жүргізілген жағдайда ғана жақсы нәтиже береді. Жүйелік, жоспарлық-оқу мәдениеттілігіне қажетті маңызды шарттар. Әдебиетпен танысуудың тиімді тәсілі - жеңілден күрделіге біртіндеп ауысу болып табылады. Әрбір оқыған кітап мәліметтер өрісін кеңейтіп тердетуге, одан алынған білімді бектуге мүмкіндік берді.

Оқырманның жас ерекшеліктері мен әлеуметтік құрылым сапасы қаншалықты сан қилы болған сайын олардың сұраныстары да соншалықты сан алуан болмақ.

Жоғарғы оқу орындарының «ақпараттық мәдениеттілік негізі» пәнімен шектеліп қоймай, кітапхана өзінің күн сайынғы жұмысында оқырмандармен жұмыс жасаудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып оқу мәдениеттілігін, өсіп келе жатқан жас буында ақпараттық мәдениеттілікке тәрбиелеуге міндетті. Сонымен, оқу мәдениеттілігі-бұл қажетті ақпаратты таба алу, оны дұрыс түсініп және бағалай білу, өзінің жан-жақты дамуына шығармашылықпен пайдалануға қоса ақпараттық мәдениет кеңістігіндегі қызмет стратегиясы болып табылады. Ең қарапайым оқу мәдениеті, қаталоппен жұмыс жүргізе білу әрбір оқырманның кітап сөздерін ақтарып әуре болмай-ақ өз іздегенін табуға көп септігін тигізеді. Әзірге электрондық каталогқа түбегейлі қошу мүмкіндігі шешілмейінше бұл бұрынғы каталогтық жүйеленді ақпараттық анық дегенмен де жаңашылдық, білімділік үдерісінен еште қала алмайтынмыз тағы да ақиқат. Инновациялық өзгерістерді кітапханаға енгізгенде оқырман не ұтады және кітапханаға қандай артықшылықтар береді, ғалымдарды былай қойғанда қазақстандық С.Ш.Қожақанова, К.Ғ.Өрмүрзін, Л.И.Ивашенко сынды авторлар толымды пікірлерімен ерекшеленуде. Ол авторлардың еңбектерінде атап көрсеткендей стратегиялық жоспар, мақсатты бағдарлама, инновациялық жоба, инновациялық қызметті қолдау жобалары мен қатар ағымдағы жоспарларды жүзеге асыру кітапхана ісінде түбегейлі өзгерістер әкелері сөзсіз.

Сондықтан, қазіргі дамушы кітапханалардың алдында төмендегі мақсаттар жүктелуде: • кітапханалық қызмет көрсетуді компьютерлендіру; • электронды оқу залын, медиатека ашу; • кітапхана мүмкіндіктерін жарнамалауды жақсарту және белсенді ұйымдастыру; • кітапхана қызметкерлерінің ақпараттық мәдениетін, компьютерлік сауаттылығын, кәсіби біліктігін жоғарту.

Қорыта айтарым, жастарды шығармашылық іздену тәсілдеріне оқу - XXI ғасырдағы Қазақстанның жоғарғы білім беру саясатының стратегиялық мақсаты.

ФОТОШЕЖІРЕ



Түркістан – екі дүние есігі ғой, Түркістан – ер түріктің бесігі ғой. Тамаша Түркістандай жерде туған Түріктің Тәңірі берген несібі ғой.

Мағжан ЖҰМАБАЕВ

БЕТ ӨЗІЛІ

Экскурсия жүргізуші туристерді ғажайып қорғаммен таныстырып жүр. Жер асты жолымен келе жатып, кенет көптеген адам қаққаларының үстінен түскен туристер қатты қорқып кетті: – Ойбай, мынауы несі? – Олар мұнда қайдан келген? Бұл сұраққа үйреніп кеткен экскурсия жүргізуші жайбаракат қалыпта: – Өздерінен көрсін, олар қашуға әрекет жасайды ғой – деп жауап беріпті.



ҚҰРЫЛТАЙШЫ

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы

Бас редактор Әбдікерім МАНАПОВ

Жауапты хатшы Дәулет ҚОЖАМҰРАТОВ

Бетшеуші дизайнер Сәмет ТАЛҒАТҰЛЫ

Редакцияның мекенжайы: Түркістан қаласы, Тәуке хан даңғылы, 282 «А» үйі

e-mail: azret-sultan@mail.ru

Байланыс: 8 (72533) 3-23-00

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігінде 2016 жылғы 21 қыркүйекте тіркеліп, №16154-Г куәлігі берілген

Газет айына 1 рет шығады

Индекс 161200

Газетке жарияланған материалдарды көшіріп басқан жағдайда сілтеме жасалу міндетті.

Автордың мақаласы мен жарнама мазмұнына редакция жауап бермейді.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

ТАРАЛЫМЫ – 1000 ДАНА

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

«ERNUR-print» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Т.Өлімқұлов көшесі, 22 үй.

Кезекші редактор Берік БАЙБОЛОВ

Талсырыс №2512